



Автор: Маликова Майгуль Избасаровна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: XIII – XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан

Тақырып: Моғолстан. Әбілқайыр хандығы

Зерттеу сұрағы	Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай сәсі өзгерістерге әкелді?
Сабақ мақсаттары	Моғолстан мен Әбілқайыр хандығындағы ішкі-сыртқы саяси оқиғаларды талдай отырып, оқиғалар мен тарихи үдерістер негізінде туындаған өзгерістерді сараптау
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	6.1.1.2 - XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 - тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағындағы XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
Бағалау критерийлері	Венн диаграммасында мемлекеттерді салыстырып, пікірлерін қорғайды. Өз тұжырымдарын постерге салып қорғайды.
Құндылықтарды дарыту	-Өткен тарихына құрметпен қарап еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру -Оқушылардың бойына жауапкершілік, ынтымақтастық орта құру, ашықтық, сыйластық, патриоттық қасиеттерді қалыптастыру
АКТ қолдану дағдылары	интерактивті тақта мен презентация жаңа сабақ материалын игеруде пайдаланылады
Бастапқы білім	Оқушылар Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы, Ақ Орда мемлекетінің құрылуы мен құлдырау себептері туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру бөлімі. Сабақ тақырыбы, оқу мақсатымен бағалау критерийлері, зерттеу сұрағы таныстырылды. Зерттеу сұрақтары: - Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның этникалық және қоғамдық құрылымының ұқсастықтары мен ерекшеліктері қандай? - Моғолстан мен Әбілқайыр хандығындағы саяси оқиғалар қандай өзгерістерге әкелді?	Слайдтар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың ортасы (30 минут)	<p>Ой шақыру</p> <p>Зерттеу және талдау. Жұптық жұмыс.</p> <p>Тапсырма - 1: Картадағы ұяшықтарды сәйкестендір! Егер орнын дұрыс тапсаң, Әбілқайыр хандығының хронологиясымен танысатын боласыңдар</p> <p>тапсырма - 2: Әбілқайыр мен Моғолстанның этникалық және қоғамдық-әлеуметтік құрылымын басқа мемлекеттермен салыстырып, ортақ белгілерін талдау</p> <p>Дискрипторлар: Моғолстан, Әбілқайыр хандығының этникалық және қоғамдық-әлеуметтік құрылымының екі ерекшелігін атайды; Моғолстан, Әбілқайыр хандығының этникалық және қоғамдық-әлеуметтік құрылымының басқа мемлекеттермен екі ұқсастығын атайды.</p> <p>Бағалау критерийі: Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның этноәлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін талдайды.</p> <p>Тапсырма-3: Жетекші сөздерді пайдаланып тарихи оқиғалар желісін дұрыс орналастыр.</p> <p>Қорытындылау сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр хандығы арасындағы саяси қарама-қайшылықтың нәтижесі қандай? Қазақ даласында Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан мемлекетінің әлсіреуі нәтижесінде XV ғасыр қалай аяқталды? (ауызша талқылау)</p>	<p>bilimland.kz</p> <p>таратпа материалдар</p>
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>рефлексия</p> <ul style="list-style-type: none"> • Менің бүгін білгенім... • Үйренгенім... • Келесі мәселелер бойынша көбірек білгім келеді 	<p>Стикер</p> <p>Слайд</p>